



EGEMEN QAZAQSTAN



КӨНЕ ТАРИХ КӨМБЕСІ

Арқаның асты-үсті тұнған тарих

Қарағандылық танымал тарихшы Игорь Кукушкин Арқа төсі бірнеше мыңдаған жыл бұрын қола дәуір мәдениетінің орталығы болған деген нартәуекел пікірді нық сеніммен айтады. Ғалымның бұл турасындағы дәлел ретінде келтіретін уәжі өзінің қисындылығымен назар аудартады.

Қайрат ӘБІЛДА,
«Egemen Qazaqstan»

– Бұл маңда мамандардың үлкен қызығушылығын тудыратын бағзы заман ескерткіштері мен қорымдары молынан шоғырланған. Қола дәуірі кезінде бозқараған мен бетеге ғана басқан қу мекен даланың орнында өзендері сарқыраған, шөбі шүйгін, таулары асқақтаған жазиралы алқап болған. Көне заман адамдары үшін мұндай табиғаты қолайлы жер таптырмас мекен болғаны сөзсіз. Тіпті бұл жерлерде хандардың ордалары орын тепкен деп те батыл болжам жасауға болады, – дейді тарихшы.

Иә, Арқа төсі небір тылсым сыр мен тарихи тұрғыдағы баға жетпес қазыналар құпиясын бауырының астына басып алып жатыр. Бұған соңғы жылдары археологтардың сол кездің қымбат киімдері мен бағалы бұйымдарына малынған көне заман адамдарының сүйегі жатқан қорымдарды жиі таба бастауы нақты дәлел бола алады. Бұдан бөлек, осы аумақтан шамамен алғанда біздің дәуірімізге дейінгі XIII-VIII ғасырларда бой көтерген деп болжанған пирамида құрылысы да табылған еді. Айта кету керек, қазір аталған көне ескерткіш облыс әкімдігінің қолдауымен толықтай қалпына келтіріліп, ол жерді туристер назарына ұялмай ұсынатын нысанға айналдыру бойынша кешенді жұмыстар жүргізіліп жатыр. Нақтырақ айтқанда, аталған пирамиданы қалпына келтіру жұмыстары 2018 жылдан бастап жүргізілді. Қарағанды облысының әкімі Ерлан Қошанов мұнда ашық аспан астындағы археологиялық саябақ құруды ұсынған болатын. «Тапсырмаға сай, үш жылдық бағдарлама әзірленді. Биыл мұнда бес экспедиция жұмыс істейді. Жалпы, бұл жерде 100 шақырым радиуста 200-ге тарта археологиялық ескерткіш бар», дейді облыстық мәдениет, мұрағаттар және құжаттама басқармасының басшысы Еркебұлан Ағымбаев.

Таяуда Шет ауданына қарасты Талды ауылындағы «Қызылтау» қорымынан археологтар қола дәуірдің алтын бұйымдарын тапты.

– Бес қорғаннан тұратын қорымның қазір біз төртіншісін зерттеп жатырмыз. Біз тапқан зиратта ер адам мен әйел бір-біріне қарата қатар жерленген. Бұлардың ақсүйектері әулетінен болуы әбден мүмкін. Неге десеңіз, зираттың бай адамдарға тиесілі екені көрініп тұр: қыздың қолында ұштары бұратылған спиральға ұқсас білезіктер, ою-өрнегі бар дөңгелек солярлық аспаптар бар. Ал ең бастысы, онда алтыннан жасалған әшекей бұйым болды, – дейді археолог Игорь Кукушкин.

Ер адам мен әйел сүйектерінің бас жағына екеуі үлкен, қалғаны кішілеу төрт құмыра қойылған. Ыдыстың сыртында

казактың қазіргі кілемдеріндегіге ұқсас ою-өрнек бар. Ал әйелдің диаметрі бес сантиметр болатын, бір ұшы үшкірленіп келіп екіншісіне кіріп тұратын алтын әшекейі мыңдаған жылдар өтсе де, сол бәз-баяғы қалпын сақтап қалған. Жалпы, алтын сырға немесе салпыншақ алқа баяғыдағы Қазақстан аумағында металлургия ісінің мықты дамығанын көрсетеді. Табылған жәдігерлердің ішіндегі қола білезіктер, пышақтар, әйелдің шолпыға ұқсас әшекей бұйымы, қола моншақтар ертедегі адамдардың зергерлік өнерді терең менгеріп, металл өнімдерін кеңінен пайдаланғанын айғақтайды.

Жалпы, қорымнан табылған қыш ыдыстардағы казактың оюына келінкірейтін өрнектер, казак қыздары таққан шолпыдан аумайтын әшекей бұйымдарына қарап тұрып, мыңдаған жылдар бұрын осы маңда өмір сүрген көне заман адамдары мен арғы ата-бабаларымыздың арасында айтуы бір байланыс болуы мүмкін-ау деген ойдың санада үміт отын жағатыны да рас. Мұны Кукушкин сияқты көпті көрген ғалымдар да жоққа шығармайды. Талды өзені төңірегін мекен еткен ежелгі адамдардың әлденеше буыны арасынан сабақтастық іздер болсақ, Андроновтар, сактар, ғұндар, түркілер және алтынордалықтар дей келіп бұл тізімді бүгінгі казакқа әкеліп тіреуге әбден болады деген жаны бар пікір айтады археолог-ғалымдар.

Мамандардың пайымдауынша, Қызылтау қорымындағы жерлеу қола дәуіріне, нақтырақ айтқанда біздің дәуірімізге дейінгі екінші мыңжылдықтың бірінші үштен біріне немесе ширегіне тиесілі болуы мүмкін екен. Жұптастырып жерленген ер адам мен әйел жас болған деген болжам айтады олар. Оны анықтау үшін олардың сүйек үлгілері жақын арада радиоқоғамдық сараптама жасауға жіберілетін болады.

– Орталық Қазақстанда Беғазы-Дәндібай мәдениеті ең ауқымды тарихи кезең болып саналады. Мұнда өте үлкен рулар мен тайпалар мекендеген. Бұл – дөңгелекті арба пайда болған кездегі батырлар дәуірі. Ол кезең шайқастар мен қактығыстар жиі орын алып тұрған беймаза уақыт болған, дәл сол кезде алдыңғы қатарға қос дөңгелекті арба мінген жауынгерлер шыққан, – деп сенімді түрде тұжырым жасайды тарихшы Игорь Кукушкин.

Айта кету керек, Талды археологиялық паркінің ескерткіштерінде археологиялық қазба жұмыстары 2016 жылдан бастап жүргізіліп келеді. Зерттеу жұмыстарымен Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің археологтар тобы айналысып жүр. Қазба жұмыстарына студенттер мен Шет ауданының тұрғындары жұмылдырылған. Биыл аталған жұмыстар



маусым айынан басталған болатын.

Мамандардың айтуынша, Қызылтау қорымына 20 нысан енеді екен. Археологтар әзірге соның бесеуін ғана зерттеген. Ал қалғандары топырақтың астынан аршылып алынғанда, қаншама құпияның, жасырынған жұмбақтың сыры ашылады десеңізші?!

Талдың бойынан табылған олжалардың ішінде қола білезіктер, пышақтар, әйелдерге арналған жапырақ тәрізді салпыншақ, жылқы әбзелдері бар. Бұған қоса, қорғандардың бірінен керамикалық ыдыс-аяқтар да табылған.

– Бұл «Қаражартас-2» қорымының ерекше көзге түсетін алғашқы қорғаны. Біз оны биылдан бастап зерттеуге кірістік. Біріншіден, қорған толығымен тастан тұрғызылған. Оның диаметрі 21 метр де, биіктігі 2 метрге жуық. Екіншіден, бұл қорғанның сыртық құрылысы күні бүгінге дейін жақсы сақталған бірнеше қоршаудан тұрады. Тағы бір ерекшелігі, табылған заттар қабір шұңқырынан шыққан жоқ. Зерттеу нәтижесінде керамикалық ыдыстың қырыққа жуық фрагменті, ұштама тас, үш қырлы қола жебенің ұшы табылды. Керамика ерте темір дәуіріне жатады. Бұл жерден адамның сүйектері табылмады. Яғни, жерлеу керек-жарактарсыз және адам сүйегінсіз болып шықты, – дейді облыстық тарихи-өлкетану мұражайы директорының орынбасары Дәурен Жүсіпов.

Қазақстанның кейінгі қола дәуіріндегі ең ірі және күрделі ғимараттарының бірінен саналатын тас пирамида 2017 жылы Қаражартас қорымынан табылған болатын. Қорғанды қайта қалпына

келтіру жұмыстары биылғы күзде аяқталады деп жоспарланған.

Жоғарыда айтып өткеніміздей, Арқа төсі аршылмаған археологиялық қазынаға тұнып тұр. Жақында ғана осы Шет ауданында ежелгі қаланың орны табылды. «Ақкөз» деп аталған бұл қоныс қола дәуірдің Қазақстан аумағындағы ең ірі қоныстарының біріне жатады. Бұл жерде тастан қаланған ғимараттар мен тұрғын үй үйінділері түріндегі 80-ге жуық құрылыс орны табылған. Қоныстың аумағы 10 гектар жерді құрайды. Ақкөздің көлемі және оның кейбір құрылыстарының ерекшеліктері осы археология ескерткішінің протоурбанистік сипаты туралы гипотезаны ұсынуға мүмкіндік береді, деп есептейді мамандар.

Қазіргі таңда Ақкөз қонысы орналасқан аумақта ауқымды ғылыми зерттеулер жүргізілуде. Қорымды зерттеу барысында 306 шаршы метр аумақта қазба жұмыстары жүргізілді. Нәтижесінде көлемі 13x12 метр болатын құрылыс алаңы зерттелді. Бұл құрылыстың іргетасы әрбірінің салмағы жарты тоннаға дейін жететін тас плиталармен қаланған. Мамандар бұл ғимарат қоғамдық орын болған деген болжам айтады. Ол жергілікті тұрғындардың жиналатын, діни рәсімдер өткізетін ғибадатхана болуы бек мүмкін.

– Қазылған кесене көлемі 8,5x8,5 метр болатын. Қазба жұмыстары кезінде квест ойынындағыдай небір шытырманның шешімін табуға тура келді. Тастардың астынан біз кесенедегі «қоныстанудың» жүйелі үш кезеңін анықтадық. Мысалы, кейінгі қола дәуірінде Беғазы-Дәндібай мәдениетінің қағидаларына сай келетін

дәлме-дәл жерлеу рәсімдері өткізілген. Бірнеше ғасырдан кейін кесененің солтүстік-шығыс бөлігінде ежелгі көшпенділер жерленген қорған салынған. Оның құрылысына кесененің сыртық қабырғасының іргетасы болған тастарды пайдаланыпты. Тағы бір мың жыл өткеннен кейін орталық қорым қираған. Оның орнында ортағасырлық жерлеу жүргізілген. Соңғы жерлеу орны оңтүстік-батысқа, Мекке қаласы орналасқан жаққа қарай ілеспе құрал-саймансыз салынған, яғни бұл мұсылмандық жерлеу қағидаларына сәйкес келеді, – дейді қазба жұмыстарын жүргізіп жатқан «Археологиялық зерттеулер» ЖШС-нің директоры Ерлан Әміров.

Ақкөз қонысы – Орталық Қазақстандағы Беғазы-Дәндібай мәдениетінің баға жетпес ескерткіші болып саналады. Бұл қола дәуірінің соңғы мәдениетін (біздің дәуірге дейінгі XIII-IX ғғ.) Қазақстан тарихындағы жарқын мәдени феномен деп сеніммен айтуға болады. Осы уақыт кезеңінде біздің еліміздің аумағында протомемлекеттік құрылымдарды қалыптастыру қолға алынып, қоғамды элитаға және қарапайым халыққа топтастыру басталған. Аталған мәдениеттің экономикалық базисі кешенді мал шаруашылығы мен егін шаруашылығы және түсті металлургия болғанын ғалымдар нақты дәлелдермен сенімді түрде айтады. «Жоғары дамыған тау-кен ісі мен металлургия осыдан 3,5 мың жыл бұрын Орталық Қазақстандағы әл-ауқаттың негізі болған», деген тұжырым жасайды олар.

Қазіргі таңда Ақкөз қонысынан табылған көне жәдігерлер темірдің құрамы мен жасын анықтау мақсатында зертханаларға жіберілген. Жергілікті ғалымдар болса, зерттеу нәтижелерінің Талды тарихи-археологиялық кешенінің Еуразия құрылысындағы баға жетпес бағзы ескерткіштер қатарынан орын алатынын дәлелдейтін деректер қорын толықтыра түсеріне бек сенімді.

Қарағанды облысы

